

Тарих (Қазақстан тарихы/Дүниежүзі тарихы)

Бір дұрыс жауабы бар тапсырма

1. Қаңлы мемлекетінің пайда болған уақыты, шекарасы туралы айтылатын тарихи дерек
- A) "Авеста"
 - B) "Қаңлы мемлекеті"
 - C) "Тарихи жазбалар"
 - D) "Қаңлы жылнамасы"
 - E) "Цянь хоньшу"

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырма

2. 1941 жылдың жазында Англияда эмигранттық өкіметтер орналасқан елдер
- A) Бельгия
 - B) Голландия
 - C) Литва
 - D) Чехия
 - E) Польша
 - F) Испания
 - G) Эстония
 - H) Латвия

Мәнмәтіндік тапсырмалар 1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Н.Ә. Назарбаевтың есімімен халықтың ғасырлар бойы аңсаған арманының орындалуы және 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған жаңа Тәуелсіз мемлекет – Қазақстан Республикасының ұлттық мемлекеттілігінің жаңғыруымен тығыз байланысты. Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен бір кездегі біртұтас халық шаруашылығы кешені қирағаннан кейінгі терең дағдарысқа ұшыраған Қазақстан экономикасын нарықтық қатынастарға бағыттайтын шаралар қарастырылып, жүзеге асырылды.

1. «Қазақстан – 2030» стратегиясы елдің күш-қуаты мен ресурстарын басым бағыттарға жұмылдырды, соның нәтижесінде
- A) экономиканың тұрақты даму тенденциясы байқалды
 - B) тауар рыногы молайып, кезекке тұру жоғалды
 - C) жекешелендіру жоспары жасалды
 - D) ауыл мен селолар жандана бастады
 - E) ұлттық валюта – теңге енгізілді

2. Жаңа нарықтық қатынас жағдайында Қазақстанда министрліктер қызметі түбірімен өзгерді, ендігі олардың міндеті

- A) меншік түрлеріне қатысты мәселелерді шешу
- B) мемлекеттік органдардың қызметін өзгерту
- C) коммерциялық банктерді құру
- D) саланың дамуын үйлестіру
- E) кәсіпорындарды басқару

3. Жаңа нарықтық қатынас жағдайында Қазақстанда техникалық прогрестің маңызды бағытын таңдауды және өндірісті дамытуды негіздеу қызметтерін атқарады

- A) акционерлік қоғамдар
- B) шетел инвесторлары
- C) арнайы комиссиялар
- D) жеке кәсіпкерлер
- E) министрліктер

4. Қазақстанда ауыл шаруашылығында жүргізілген реформалар өз жемісін қашан бере бастады

- A) 1990 ж. соңында
- B) 1980 ж. ортасында
- C) 2000 ж. басында
- D) 1990 ж. басында
- E) 1980 ж. соңында

5. 1990 ж. басында ауыл шаруашылығының жедел дамуына кедергі келтірді

- A) меншік иелеріне астық өткізуге мемлекеттік тапсырыстың жойылуы
- B) нарықтық инфрақұрылым қалыптаспағандығы
- C) мемлекеттің қолдау көрсету саясаты
- D) өтем қабілетінің көтерілуі
- E) салықтың төмендеуі